

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.05.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/153602/>

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған

физика-математикалық мектеп-интернаты

Қысқа мерзімді жоспар

Сабақтың тақырыбы: Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:	Айналу денелері және оның элементтері
Педагогтің аты-жөні:	Ахмедов Жангибай Тинчликович
Күні:	13.01.2023ж
Сыныбы: 11Б	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазбасы, бүйір және толық бетінің аудандары
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	11.1.7- цилиндрдің анықтамасын, оның элементтерін білу, цилиндрді жазықтықта кескіндей алу; 11.3.4- цилиндрдің бүйір және толық бетінің аудандары формулаларын қорытып шығару және оларды есептер шығаруда қолдану; 11.3.5-айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға есептер шығару; 11.1.11-көпжақтар мен айналу денелерінің жазбаларын жасай алу;
Сабақтың мақсаты:	Цилиндрдің анықтамасын, элементтерін біледі; Есептер шығаруда қолданады; Айналу денелерінің элементтерін табуға есептер шығарады;

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. Ұжымдық жұмыс. 8 мин.</p>	<p>Ұйымдастыру: -Оқушылармен амандасу, сынып оқушыларын түгелдеу. Топқа бөлу: Оқушылар бұрыш, радиан, градус деген сөздер жазылған түрлі түсті қима қағаздар таңдау арқылы топтарға бөлініп отырады; I топ: «Бұрыш», II топ: «Радиан», III топ: «Градус» Топтар топ ережесін сақтайды, өз қалаулары бойынша топ ішінен топ басшы сайлайды, топ басшы топ мүшелерінің сабаққа белсенді қатысуын қадағалайды.</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру: Тақтада тапсырма дұрыс жауабымен көрсетіліп тұрады.</p>	<p>Шаттық шеңберін құрып «Өзіңе тілегенді, өзгеге тіле!» әдісі арқылы бір-біріне тілек айтып, жақсы көңіл күй сыйлайды. Мақсаты: Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. Тиімділігі: Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл-күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.</p> <p>«Мен саған, сен маған» арқылы оқушылар бір-бірінің үй тапсырмасын тексереді.</p>	<p>Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы!» «Өте жақсы! Талпын!»</p>	<p>Түрлі түсті қима қағаздар</p>
<p>Миға шабуыл. «Ой қозғау» әдісі. Ұжымдық жұмыс. 5 мин.</p> <p>«Бір минут» әдісі</p>	<p>Цилиндрдің табанының радиусы 1 см-ге, ал жасаушысы 2 см-ге тең. Оның : 1) бүйір бетінің; 2) толық бетінің ауданын табыңдар. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі қолданылады. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға қосымша ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады.</p> <p>Цилиндрдің табаны дөңгедек екенін және оның ауданын табу формуласын анықтайды; Цилиндрдің бүйір бетінің ауданын анықтау үшін оқушыларға цилиндрдің бүйір бетінің жазбасын анықтауды сұраймын. Жазбаның тіктөртбұрыш екендігін анықтап. Бүйір бетінің формуласын келтіріп шығарады. $S=2PRH$ Д.с.с. толық бетінің ауданы анықталады</p>	<p>Сұрақтар: 1. Цилиндрдің биіктігі дегеніміз не? 2. Цилиндрдің бетінің ауданы дегеніміз не? 3. Цилиндрдің толық бетінің ауданын табу формуласын жазыңдар.</p> <p>Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту. Тиімділігі: Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылар топта талқылау жасап, сұрақтардың жауабын анықтайды</p>	<p>Дескриптор: -1-ші сұраққа жауап береді. 1-балл -2-ші сұраққа жауап береді. 1-балл -3-ші сұраққа жауап береді. 1-балл Бағалау Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады</p> <p>Сонымен қатар, өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген <u>мадақтау сөзі</u> мен инталандыру.</p>	<p>ДК экраны Презентация</p> <p>Сұрақтар топтамасы.</p> <p>Оқулық 11-сынып.</p>

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>10 мин.</p>	<p>Киіз үй - көшпелділердің ежелден келе жатқан тұрғын үйі. (12.14-сурет). Биіктігі 2м, ал диаметрі 5м болатын киіз үйдің керегесінің бетінің ауданын табыңдар.</p> <p>Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың «Қарқын» тәсілі көрініс табады. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.</p>	<p>Түсінбеген тапсырмаларды бір-біріне түсіндіреді. Топтар келесі топтың тапсырмасын алмасып тексереді. Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп кестені толтырады.</p>	<p>Дескриптор: -Киіз үй - көшпелділердің ежелден келе жатқан тұрғын үйі. (12.14-сурет). Биіктігі 2м, ал диаметрі 5м болатын киіз үйдің керегесінің бетінің ауданын табады. — 2-балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1- балл қойылады</p>	<p>ДК экраны Кесте</p>
<p>10 мин.</p>	<p>Цилиндрдің биіктігі 8 дм-ге, ал табанының радиусы 5 дм-ге тең. Оның осіне параллель жаздықпен қимасы - квадрат (12.15-сурет). Цилиндрдің осінен осы қимаға дейінгі қашықтықты табыңдар.</p> <p>Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрініс табады.</p>	<p>Оқулықпен жұмыс жасайды Тапсырмаларды жұппен бірге орындайды Берілген тапсырма бойынша есепті орындайды</p>	<p>Дескриптор: -Цилиндрдің биіктігі 8 дм-ге, ал табанының радиусы 5 дм-ге тең. Оның осіне параллель жаздықпен қимасы - квадрат (12.15-сурет). Цилиндрдің осінен осы қимаға дейінгі қашықтықты табады.2 -балл</p> <p>Әрбір дұрыс жауапқа 1-балл қойылады</p>	<p>ДК экраны 11-сынып оқулығы. Шыныбеков «Атамұра» 2020</p>
<p>Жеке жұмыс. 7 мин.</p> <p>Жазылым.</p>	<p>12.22-суреттегі 90° бұрыш жасайтын цилиндрлердің екі тең бөлігінен тұратын фигураның бетінің ауданын табыңдар</p>	<p>Жеке жұмыс жасайды, көмек қажет оқушыларға қолдау көрсетеді. Көмек қажет оқушыларға белгілі бір уақыт беріліп, уақыт біткен соң жылдам орындаған оқушылар аяқтай алмаған оқушыларға көмек көрсетеді.</p>	<p>Дескриптор: 12.22-суреттегі 90° бұрыш жасайтын цилиндрлердің екі тең бөлігінен тұратын фигураның бетінің ауданын табады 3-балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1-балл қойылады</p>	<p>. . ДК экраны қосымша</p>
<p>Сабақтың соңы.</p> <p>Ой толғаныс. Рефлексия</p> <p>5 мин.</p>	<p>Сабақты қорытындылап, Оқушыларды бағалау Үйге тапсырма беру. №3.17,3.18 жаттығу (түсіндіме жұмыс)</p> <p>«Төрт сөйлем» әдісін пайдаланып сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.</p>	<p>Оқушылар өздерінің тақырып бойынша оқып, зерделегенін төрт сөйлем арқылы тұжырымдайды.</p> <p>Мақсаты: Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау. Тиімділігі: Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады. Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрініс табады.</p>	<p>Дескриптор: Төрт сөйлем әдісі бойынша берілген тапсырманы толық орындайды. Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне қарай «Мадақтау сөздері» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды. Жарайсың!, Керемет!, Жақсы!, Талпын!..</p>	

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.